

Қосымова Г. С.,¹ Ахматқұлова Л. Х.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНА

Аңдатпа

Мақалада қазақ және өзбек тілдеріне ортақ сөздердің лексикалық мағынасын салыстыра зерттеуді мақсат етеді. Латын тіліне көшу үдерісі қарсаңында туыстас тілдерді салыстыра зерттеудің ғылыми– әдістемелік негіздерін анықтау өзекті болмақ. Көршілес қазақ –өзбек тілдеріндегі лексикалық бірліктердің табиғаты, жазылу сипаты, лексика–грамматикалық ерекшеліктері ауызша және жазба тілдегі қолданысын салыстыра зерттеу мәселесі маңызды. Бұл жұмыста лексикалық бірліктерді талдау тек жекелеген категорияларды, топтарды сипаттаумен шектелмей, сонымен қатар сөздің мағыналық құрылымына, лексикалық мағыналардың өзгеру себептері мен заңдылықтарына назар аудару қажеттілігі көрсетіледі. Қазақ –өзбек тілдеріндегі лексикалық бірліктерді салыстыра зерттеудің ғылыми –теориялық негіздерін және әдіс –тәсілдерін анықтау туыстас тілдердің тарихи тамырын зерделеуге, лексикалық бірліктердегі ұқсастықтарды анықтауға, лексикалық бірліктердің қазіргі қолданысындағы дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктерді талдауға, туыс тілдерді салыстыра оқытудың ғылыми әдістемелік негіздерін айқындауға басымдылық беріледі. Мақала тақырыбын ашуда баяндау, сипаттау, салыстыру, жүйелеу, талдау, қорыту, тұжырым жасау әдістері қолданылады.

Түйін сөздер: лексика, фразеология, сөздік қор, мағына, ұқсастықтар, дыбыстық ерекшеліктер, функционалдылық

Kossymova G.,¹ Akhmatkulova L.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

LEXICAL MEANING OF WORDS IN KAZAKH AND UZBEK LANGUAGES

Abstract

The article examines the comparison of the lexical meaning of words common for the Kazakh and Uzbek languages. On the eve of the process of transition to Latin (of Kazakh language), it will be important to determine the scientific and methodological basis for the comparative study of related languages. It is important to study the nature of lexical units in neighboring Kazakh-Uzbek languages, the nature of spelling, lexical and grammatical features of the use of oral and written speech. In this work, the analysis of lexical units shows not only a description of individual categories, groups, but also the need to pay attention to the semantic structure of a word, the reasons and patterns of changes in lexical meanings. Revealing the scientific and theoretical foundations and methods of comparative study of lexical units in the Kazakh-Uzbek languages is given priority attention to the study of the historical roots of related languages, identifying similarities in lexical units, analyzing the sound and grammatical features of modern lexical units, determining the scientific and methodological basis of comparative learning. To reveal the topic of the article, the methods of narration, description, comparison, systematization, analysis, generalization, and conclusion are used.

Keywords: vocabulary, term meaning, similarity, sound features, functionality

Косымова Г.С.,¹ Ахматқұлова Л.Х.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ЛЕКСИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ В КАЗАХСКОМ И УЗБЕКСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В статье исследуется сравнение лексического значения слов, общих для казахского и узбекского языков. Накануне процесса перехода на латынь важно будет определить научную и методологическую основу сравнительного изучения родственных языков. Важно изучить характер лексических единиц в соседних казахско-узбекских языках, характер орфографии, лексико-грамматические особенности употребления устной и письменной речи. В данной работе анализ лексических единиц показывает не только описание отдельных категорий, групп, но и необходимость обращать внимание на семантическую структуру слова, причины и закономерности изменения лексических значений. Выявлению научно-теоретических основ и методов

сравнительного изучения лексических единиц в казахско-узбекских языках уделяется приоритетное внимание изучению исторических корней родственных языков, выявлению сходств в лексических единицах, анализу звуковых и грамматических особенностей современных лексических единиц, определению научно-методической основы сравнительного обучения. Для раскрытия темы статьи используются методы повествования, описания, сравнения, систематизации, анализа, обобщения и заключения.

Ключевые слова: лексика, фразеология, словарный запас, значение, сходство, звуковые особенности, функциональность

Кіріспе. Егеменді еліміздің қазіргі уақыттағы ең басты мақсаты–жан–жақтыззззззх----- дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен теңесу, оған жетудің басты жолдарының бірі әлемдік білім кеңістігінде жоғары орында тұру болып табылады. Осының өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны жаңа арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сол себептен де білім мазмұнын байыту, оқыту процесін жетілдіру, инновациялық технологияларды өмірге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға қалыптастыру өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмей, іс жүзіне асыратын мәселе болып тұр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарында білім беру мақсаттары жаңа арнаға бет бұрды.

Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2016 жылы қазан айының 11 жұлдызындағы Жарлығымен бекітілген “Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2017-2022 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында”: “... көп деңгейлі білім берудың ұлттық жүйесін жаңғырту керек, оқитындардың тілдік, ақпараттық, экологиялық, экономикалық және құқықтық даярлығын жоғарлату қажет” деп айтылған. Бұл, басқаша айтқанда, болашақ мамандардың кәсібі деңгейін жоғары көтеру керек деген сөз. Бұл білім беру мазмұнының жаңаруына, білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты жаңаша көзқарас, жаңа қарым-қатынас пайда болатындығын көрсетеді.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Қазіргі таңда қазақ халқы өз тәуелсіздігін алып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-білім парадигмасы әлемдік даму үрдісінде өркендеген. Себебі кез-келген тәуелсіздігін алған мемлекеттің рухани даму процессінің өзіндік ерекшеліктері болуы тиіс.

Бұдан бұрын жоғары оқу орындары пәндердің мазмұнын және мазмұнды жеткізудің жолдарын ұйымдастыруға көп назар аударған болса, енді кредиттік оқу жүйесі бойынша оқыту, оқу және бағалау бойынша студенттердің “не білетіндігін”, “нені істей алатындығын”, “мәселені қалай шеше алатындығын”, яғни студенттердің білім мазмұнын игеруде оқу нәтижесіне қол жеткізуі есепке алынады. Бұрынғы “біліктік” термині бүгін “құзырлылық, құзіреттілік” терминінің орнын басты. Бұл дегеніміз, әрбір студенттің контекст аумағында кең көлемде оқып-ізденіп, өмірде кездесетін әртүрлі экстремальды оқиғаларда кез келген проблемалық жағдаяттарды шешуге қабілеттілігін көрсетіп, өзінің құзіреттілігін көрсете білу керектігін аңғартады.

Бұрынғы оқу үдерісіндегі “бүкіл өміріне керек болатындай білім беру” деген қағида осы заманда “өмір бойы өзі үйрену” мағынасына ауыстырылды. Ал бұл тұжырым студенттердің өзіндік ізденістерін арттырып, тиімді оқыту әдістерін қолдану керектігін көрсететін ең негізгі күш болып табылады. Нақтырақ айтатын болсақ, үйрену мен үйрету – тек қана өзара тапқырлы әрекеттерге сүйенген қарым -қатынас көмегімен ғана жүзеге асырылатынын білеміз. Сол себептен, жоғары оқу орындарында тілді оқыту жүйесінің негізін тарихи-салыстырмалы ұстанымға сүйенген функционалды-семантикалық бағыттағы интерактивті әдістерді басшылық алу қажеттілігін аңғаруға болады.

Нәтижелер. Қазіргі уақытта лингвистиканы парадигмалар жүйесінде зерттеу, сол арқылы жалпы тілдік ахуалдың мәнін және мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктерін түсіну мәселесі өте маңызды. Бұндай ұлтаралық мәдени ерекшеліктер белгілі бір ортақ дәстүрлер көрініс табатын көршілес кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтардың осы күнгі өмірінен туындайды, олардың тарихымен, салт-дәстүрімен анықталады. Сонымен қатар оның бұрынғы өмірі мүлде жоқ болып кетпейді, ұлттық санада, халықтық идеяда, әлеуметтік-экономикалық және халықтың құндылықтар жиынтығында белгілі ретпен жүйеленеді. Осылай ғасырлар бойы жинақталып, қалыптасып, қорытылып келе қазақ халқына байланысты ұлттық білімнің ең жоғары, өнегелі үлгілерін студенттерге білім беруге, оның ішінде қазақ тілінен білім беруде қолдану бүгінгі таңның негізгі міндеті болып тұр. Ұлттық білім қазақ халқының құндылықтарын басқа түркі халықтарының құндылықтарымен салыстыра зерделегенде айқындала түседі. “Қазақ этнопедагогикасының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін және қоғамымыздағы әйгілі және тарихи тұлғалар туралы, қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптейтін танымдық қажеттіліктер педагогикамен принциптік сабақтастықта берілуі ескеріліп отырады. Ұшы-қиыры жоқ ұлы даланы мекен еткен халықтың сан ғасырлар бойғы тарихымыздағы жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірбиесін жинақтау, ұлттық өзіндік салт-сана мен әдет-ғұрып, дәстүрін санаға сіңіре білім беру – басты міндетіміз” [1, 404].

Қазақ және өзбек тілдерін салыстыра зерттеуде ғылыми нәтижелер бірнеше аспектілер бойынша жүзеге асырылады. Зерттеудің нәтижесінде келесі бағыттар анықталды: дәстүрлі-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық және функционалды -семантикалық. Қазақ және өзбек тілдерінің лексикалық бірліктердің мағынасын олардың қайнар көзі болып табылатын ортақ жазба мұралармен салыстыра талғанда анық көрінді. Себебі ұлттық білімнің қайнар көзім-ұлы кісілердің осы күнге дейін жетіп келген накыл сөздер, мақал-

мәтелдер, шешендік сөздерді оқыту процессіне ғана пайдалану заман талабына тән емес, ол-қазіргі күндегі ең маңызды дүние болып саналады, өйткені білімді терең ұғынып, адам баласына қажет мәдени, тұрмыстық дәстүрін меңгеру, білу, ұғыну, түсіну, тану арқылы студент рухани қажеттілігін жоғарылатады. Отанына деген құрметін ұлғайтады, ата-бабасының тегін, туған елінің, өскен жерінің, өзінің ұлттының ерекшеліктерін үйренеді және бабалар мұрасын сақтауға бейімделеді.

Талқылау. З.К. Ахметжанова “Қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулердің адам факторына бағытталуы мен когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық тәсілдердің өзектенуіне байланысты салыстырмалы лингвистикада жаңа бағыттар пайда болды - салыстырмалы мәдени лингвистика, салыстырмалы когнитивтік лингвистика” [2,8] деген еді. З.К.Ахметжанова өзінің жоғарыда аталған еңбегінде келесі бағыттарды анықтайды: дәстүрлі-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық және функционалды-семантикалық.

Қазақ тілін жүйелі түрде оқытуды көптеген ғалымдар өз алдына мақсат етіп қойды. Осы мәселеде көп еңбек еткен ғалым - А. Байтұрсынов. Ол өзінің ғылыми және әдістемелік еңбектерінде қазақ тілін жүйе ретінде үйрену керек екендігін айтқан. «Тіл-құралы» еңбегінде А. Байтұрсынов: “Бастауыш мектептерде балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінеді: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері” [3, 174]

Профессор К. Аханов пікіріне сүйенсек: “Жүйенің элементтері біртектес элементтер ретінде өз ара қарым-қатынасында, байланысында және бірлікте өмір сүреді. Жүйенің бір элементі өзі тектес екінші элементтің болуын аңғартады” [4, 64]. Алайда, К. Аханов тілдің құрылымын оның деңгейлік бөліну аспектісінде қарастырғандықтан, сөздік құрамның жүйелілігін лексикалық және грамматикалық мағынасымен тығыз байланыста қарастырды, әр сөздің белгілі бір лексико-грамматикалық топқа енуімен байланысты: “Сөздердің өзгеруі, түрленуі, олардың бір-бірімен тіркесуі, соның нәтижесінде олардан сөйлемнің құрылуы қалай болса, солай емес, белгілі бір заңдарға, ережелерге бағынады, белгілі бір формалар бойынша іске асады. Әрбір сөз өзінше өзгеріп, өзінше түрленбейді”-деген пікір атты [4, 64] .

С. Кеңесбаев: “Тілде кездейсоқ нәрсе жоқ. Кез-келген “кездейсоқтық” себеп болып табылады. Тілдегі себептілік өзара байланысты, әр түрлі лингвистикалық құбылыстар арасындағы өзара байланысты, олар бір-бірінен өзектілік белгілерімен ерекшеленетін, жүйеліліктің әртүрлі дәрежесіне ие” [5, 261]. Автор сөзжасам категориясын жүйелі көзқарас тұрғысынан зерттеу қажеттілігі туралы мәселені көтерді, атап айтқанда “жұптасқан сөздердің тіл мен сөйлеудегі орны мен рөлін алдын-ала анықтайтын жүйелік заңдылығы”[5, 261] .

Н.Т. Сауранбаев: “Белгілі бір тілдегі сөздердің сандық, сапалық ерекшеліктері-жүйе деп аталады. Бір тілдің сөздік жүйесі басқа тілдің сөздік жүйесімен салыстырылғанда толық анықталады” [5, 44] . Ғалымның мақалаларында сол уақыттағы ең озық ойлар көрінеді. Семантиканың және семасиологияның анықтамасын беріп, олардың міндеттерін анықтай отырып, келесі семантикалық заңдылықтарды анықтады: “1. Қарама-қарсылық заңы. 2. Ат ауысу заңы. 3. Ұқсату заңы. 4. Бөлшектің тұтастану заңы. 5. Қызмет заңы” [6, 50] .

Н.Т. Сауранбаев сөздік қорды дамытудағы лингвистикалық факторларды да анықтады: “1) негізгі сөздік қордың дамуы; 2) жаңа сөздердің шығуы; 3) сөздік құрамның түрленіп саралануы; 4) басқа тілдердің әсері; 5) әдеби тілдің стильдік нормасы”[6, 46]. Ғалым сөздерді келесі топтарға бөлді: “1. Жалпы құбылысқа байланысты сөздер. 2.Тұрмысқа байланысты сөздер. 3. Анатомиялық атаулар және аурулардың аттары. 4. Тұрмыс-салт және туысқандық атауларға байланысты сөздер. 5. Шаруашылыққа байланысты сөздер. 6. Өсімдік, жәндік атаулары. 7. Жер-су аттары [6, 53].

Н.Т.Сауранбаевтың пікірі бойынша, сөздік қорды, белгілі бір лингвистикалық критерийлер тұрғысынан саралауға болады: төл сөз және кірме сөздер; неологизмдер мен архаизмдер; лексика бірліктерін тудыратын мағыналық қатынастарға сәйкес көп мағыналы сөздер, омонимдер, синонимдер мен антонимдер деп бөлді.

Салыстырмалы лексикология саласында лексикалық жүйелерге талдауды ғалымдар бір-біріне жақын екі тілдің (Р.М. Цейтлин, А.Е. Супрун, М. Мусаев, Р.М. Ахметьянов және т.б.) және генетикалық байланысы жоқ тілдердің (В.Г. Гак, В.Д. Аракин, А.И. Феофилов, П.Ф. Монахов, Р.Г. Гайсина, З.К. Ахметжанова) негізінде жүргізді. Сонымен бірге, тілдердің семантикалық жақындығын көрсететін белгілер ашылды. Ғалымдар көрсеткендей, бір тілді іштей талдағанда байқалмайтын ұлттық ерекшеліктер екі немесе одан да көп тілдерді салыстыра талдау кезінде сол тілдердің ұлттық ерекшелігі байқалады [7, 82].

Лексика саласы алғаш рет Ғ.Мұсабаевтың “Қазіргі қазақ тілінің лексикасы” атты докторлық диссертациясының арнайы зерттеу нысанына айналды. Бұл жұмыста лексикалық бірліктерді талдау тек жекелеген категорияларды, топтарды сипаттаумен шектелмей, сонымен қатар сөздің мағыналық құрылымына, лексикалық мағыналардың өзгеру себептері мен заңдылықтарына назар аудару қажеттілігін көрсетті.

Р.Барлыбаев лексикалық мағыналардың кеңеюі мен қысқару құбылыстарын тілден тыс және тіл ішілік аспектілерде талдады. Ірі көлемдегі нақты материалдар бойынша қазақ тілінің сөздік құрамындағы бірліктердің мағыналарын өзгерту жолдары мен тілдік құралдары жан-жақты зерттелген. Б. Хасанов сөздердің лексикалық мағыналарының метафоралық байланыстарын зерттеді.


Лексикалық мағына және оның түрлері. Объективті болмыстағы зат, іс-әрекет, белгі туралы ақпарат беретін сөздің мазмұны лексикалық мағына деп аталады. Мысалы, алма, өрік, тас, кітап, дәптер, қол, қалам, қарындаш сөздері заттың белгілі бір түрі; тұзды, ащы, қышқыл, үлкен, кіші, терең сөздер белгілі бір белгіні; ұру, жүгіру, ұстау, жұмыс істеу, ойнау, секіру, іс-қимыл мағынасын, үш, бес, он, жиырма, елу, жүз, мың сөздері белгілі бір мөлшерді білдіруді. Бұл осы сөздердің лексикалық мағыналары.

Лексикалық мағына іс-әрекет, қимыл, заттың, белгінің өзін емес, сол туралы ұғымды анықтайды. Ал, ұғым адам санасындағы зат-оқиғаны, белгіні, әрекетті жалпы қабылдау. Ол зат-оқиғаның бір түріне тән белгілерді жалпылайды. Мысалы, ағаш, тау, тас ұғымы барлық тауларға, тастарға және ағаштарға тән жалпы белгілерді біріктіреді. Шындығында, ағаштардың түрлері өте көп, олардың түрлері өте көп. Ағаш сөзі олардың біреуін дәл атамайды, бірақ тақырып туралы жалпы түсінікті білдіреді.

Лексикалық мағына мен ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуі де сөздің мағыналық құрылымындағы ірі оқиғалар. Бірақ лексикалық мағына мен ұғым тең құбылыс емес. Лексикалық мағына - тілдік құбылыс, ал ұғым - ойлау құбылысы. Лексикалық мағынаның түрлері өте көп. Шындық болмысқа қатысты атауыш (тура) мағына, ауыс мағына, сөздердің шығу тегіне байланысты негізгі мағына, туынды мағына, сөздердің тіркесімділігіне байланысты еркін мағына, шартты мағына, фразеологиялық байлаулы мағына сөздердің стилистикалық қызметіне байланысты бейтарап мағына, бейнелі мағына, терминдік мағына, поэтикалық мағына.

Негізгі мағына және туынды мағына. Сөздің бастапқы, түпкі мағынасы негізгі мағына деп аталады. Басқаша айтқанда, лексикалық мағынаның пайда болуы мен дамуына түрткі болатын мағына негізгі мағына болып табылады. Негізгі мағынаны дамыту негізінде қалыптасқан мағына туынды мағына деп аталады. Мысалы, **ашық** деген сөздің негізгі мағынасы “жабық емес” (ашық терезе, ашық қақпа). Өзбек тіліндегі **очик** сөзімен салыстырып көрейік. *Эшик ва даричалар очик бўлсам ҳам, уйда биров кўринмади (А. Қодирий)*. Бұл сөйлемді қазақ тіліне аударғанда, *есіктер мен терезелер ашық болғанымен, үйде ешкім көрінбеді*. “Ашық” сөзінің осы негізгі мағынасы әсерінде туынды мағыналар жасалады: 1) “айқын, шындық, жасырмау” (ашық істеу, ашық айту, ашық сөйлеу). *Элмурод кўнглидагини очик айтиб қўя қолди (П. Турсун)*. Элмурод көңілдегін ашық айта салды. 2) “мейірімді, ашық көңіл” (ашық қыз, ашық адам). *У ичи кирсиз, серкулги, очикқина бир йигит эди (А. Қодирий)*. Ол көзі ашық, көкірегі ояу жігіт еді.

Кесте № 1



Екі тілде де негізгі мағынаның әсерінен қалыптасқан туынды мағыналар бірдей, яғни қазақ тілінде ашық сөзімен байланысты туындаған жаңа туынды мағыналар өзбек тілінде де дәл сондай формада келіп, дәл сондай мағына береді, тек бірағана айырмашылық олардың дыбыстық өзгешелігінде.

Кесте № 2

Қазақ тіліндегі **ш** дыбысы өзбек тілінде **ч** дыбысына ауысады.

Қазақ тіліндегі ш дыбысы	Өзбек тілінде ч -ға айналады
Ашық	Очик
Шәй	Чай
Шәйнек	Чайнак
Аш(у)	Ач(моқ)
Шаршау	Чарчаш

Шана	Чана
Қайшы	Қайчи
Іш	Ич
Кеш	Кеч
Шаш	Чач

Енді осы дыбыстарды тарихи жағынан шығу төркінін қарастыратын болсақ, бұл екі дыбыс XI-XII ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі сөз соңында да біраз фонетикалық айырмашылықтар бар екендігі байқалады.

Кесте №3


“Қутадғу билиг” дастанынан	Қазақ тілінде	Өзбек тілінде
Күч	Күш	Куч
Іч	Іш	Ич
Уч	Ұш	Уч
Ач	Аш	Ач
Қылыч	Қылыш	Қилич
Қорқинч	Қорқыныш	Қорқинч
Өкүнч	Өкініш	Укинч

Бұл сәйкестік сөздің басында да, ортасында да, соңында да кездеседі. Алайда басы мен ортасына қарағанда соңында әлдеқайда көбірек кездеседі.

Қазақ тілі мен өзбек тілінде сәйкес келе бермейтін туынды мағыналы сөздер бар. Өзбек тіліндегі “*кўнгли кенг*” туынды мағыналы сөзі қазақ тілінде “көңіл” сөзі “кең” сөзімен тіркеспей, ақ сөзімен тіркеседі (аккөңіл), қазақ тілінде “кең” сөзі “жүрек” сөзімен тіркеседі. *Айгерімнің жүрегі кең әйел екендігін көздерінен аңғарды.*

Тура мағына және ауыс мағына. Лексикалық мағыналардың бұл екі түрі жоғарыда аталған негізгі және туынды мағыналарға ұқсас. Әдетте, сөздің негізгі мағынасы тура мағына, ал туынды мағына – ауыс мағына деп есептеледі. Мысалы, көз сөзінің негізгі мағынасы адамның дене мүшесінің бірі - көру мүшесінің атауын білдіру. Бұл оның тура мағынасы (Атамның көзі әлі де жақсы көреді). Ал, бұлақтың көзі, күннің көзі, сақинаның көзі тіркестері туынды мағына, сонымен қатар ауыс мағына да болып саналады.

Кесте №4



Сондай-ақ *мұрын, құлақ, тіс, ауыз* сөздері *адамның мұрны, адамның құлағы, адамның тісі, адамның аузы* деп тіркескенде негізгі және тура мағына болып саналады, ал *қазанның құлағы, араның тісі, үңгірдің аузы* тіркестерінде туынды және ауыс мағына байқалады. Бірақ қазақ тілінде *шайнектің аузы* деп айтса, өзбек тілінде *чойнакнинг бурни* деп айтылады.

Атауыш және бейнелі мағына. Объективті болмыс ұғымымен тікелей байланысты лексикалық мағына - оқиға, белгі, іс-әрекет, оның атауы ретінде қызмет ететін мағына атауыш мағына деп аталады. Атауыш мағына оқиғамен тікелей байланысады. Мысалы, *гүл, тіл, кілт, қызару, терлеу* сөздерінің негізгі мағыналары атауыш мағыналар болады. Бейнелі мағына зат, белгі, әрекетпен тікелей байлана алмайды. Ол атауыш мағына арқылы байланысады. Мысалы, *тіл* сөзі *адамның тілі* тіркесінде “ауыз қуысында орналасқан дәм сезу мүшесі ретінде атауыш мағынаны білдірсе, ал *машинаның тілін* білу “нәзік жағын білу”, “сырын білу” деген мағынасы-бейнелі мағына болады. “*Гүл*” сөзінің атауыш мағынасы ол өсімдік түрлерінің атауын білдіреді. Бұл сөз *гүлдей қыз* тіркесінде “ерекше”, “сара” деген мағынаны білдіреді. Ал өзбек тілінде *гүл* сөзі *қыз* сөзі “ерекше”, “сара” деген мағынаны білдіреді. Бұл бейнелі мағына. *Гүл* - өсімдік атауы ретінде шындыққа тікелей байланысты. Ал, бейнелі мағына оқиға мен сөздің атауыш мағынасы арқылы байланысып кеткен. Қазақ тілінде *жігіт* сөзі еш уақытта *гүл* сөзімен тіркеспейді. “*Жігіт*” сөзі *сұлтан, сері* сөздерімен тіркесіп, *жігіттің сұлтаны, жігіттің серісі* болады. **Жігіт-йүгіт** сөзінен **ж мен й** дыбысының сәйкестігін байқаймыз. Қазақ және өзбек тілінде *ж мен й* дыбысының сәйкестігі жиі кездеседі, яғни қазақ тілінде *ж* дыбысымен басталатын сөздер өзбек тілінде *й-га* ауысады. Мұның тарихы тереңде жатыр. Мұндай сәйкестік “Қутадғу билиг” дастанында кездестіреміз.

“Құтадғу билиг” дастанынан	Қазақ тілінде	Өзбек тілінде
йол	жол	йўл
йүк	жүк	юк
йүз	жүз	юз
йигит	жігіт	йигит
йел	жел	йел
йалған	жалған	ялған
йер	жер	ер
йағы	жау	ёв
йавуз	жауыз	ёвуз

Қорытынды. Түйіндеп айтқанда, қазақ және өзбек тілдеріндегі сөздердің лексикалық мағыналары көп жағдай бір біріне өте ұқсас, тек қана дыбыстық айырмашылығы болады. Екі тілде де негізгі мағынаның әсерінен қалыптасқан туынды мағыналар бірдей болады. Қазақ тілінде туынды мағыналар өзбек тілінде де дәл сондай формада келіп, дәл сондай мағына береді, тек бір ғана айырмашылық -олардың дыбыстық өзгешелігінде. Мұның дәлелін XI-XII ғасыр жазба ескерткіштері де көруімізге болады.

Қазіргі туыстас тілдердегі ортақ лексиканы көне дәуір мұраларымен салыстыра отырып, функционалды-семантикалық тұрғыдан оқытудың жаңа парадигмалары жоғары оқу орындарындағы «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» және Түркітану мамандығындағы элективті пәндерді оқытудың тәжірибесінде қолданылатын болады, өйткені қазақ және өзбек тілдеріндегі лексикалық бірліктерді салыстыра оқыту туыс тілдердегі лексикалық бірліктердің семантикасын және қолданыс ерекшеліктерін талдауға, жазу дағдысын дамытуға көмегін тигізеді.

Аталған мақсатқа және ғылыми болжамға сәйкес туыстас тілдердің тарихи тамырын зерделеу; лексика-фразеологиялық бірліктердегі ұқсастықтарды анықтау; лексикалық бірліктердің қазіргі қолданысындағы дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктерді талдау; туыс тілдерді салыстыра оқытудың ғылыми әдістемелік негіздерін айқындау туыс тілдер материалдарын меңгертудің жаңа парадигмаларын түзеді .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қосымова Г., Ерхожина Ш. *Сабақта командалық бағытталған оқыту әдісін қолдану// Абай атындағы ҚазҰПУ дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, № 4 (74), 2020. -402-405 б. -макала*
- 2 Ахметжанова З.К. *Қазақ тілінің лексикологиясы. -Алматы: Мектеп, 2005. -263 б.-кітап*
- 3 Байтұрсынұлы А. *Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). -Алматы: Ана тілі, 2008 -284 б. -кітап*
- 4 Аханов К. *Тіл білімінің негіздері. -Алматы: Мектеп, 2004. -495 б. -кітап*
- 5 Кеңесбаев С. *К вопросу о системном изучении лексического значения // Исследования по казахскому языкознанию. -Алма-Ата: Наука, 2001. -259-264 с. -кітап*
- 6 Сауранбаев Н. Т. *Қазақ тілі лексикасының кейбір мәселелері // Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілі білімінің проблемалары: Таңдамалы еңбектерінің жинағы. -Алматы: Ғылым, 2003. -188 б. -кітап*
- 7 Шалқарова Г. И., Сатыбаева А. Т. *Салыстырмалы грамматика.- Астана, 2007. 216 б. -кітап*

References:

- 1 Kosymova G., Erhojina S. *SabaKta komandalyK bagyttalghan oKytu Adısın Koldanu// Abai atyndagy KazUPU dyn Habarsysy, «Filologia» seriasy, № 4 (74), 2020. -402-405 b. -makala*
- 2 Ahmetjanova Z.K. *Kazak tilinın leksikologiasy. -Almaty: Mektep, 2005. -263 b.-kitap*
- 3 Baitursynuly A. *Til tagylymy (Kazak tılı men oKu-agartuga Katysty enbekteri). -Almaty: Ana tılı, 2008 -284 b. - kitap*
- 4 Ahanov K. *Til bilimnin negızderi. -Almaty: Mektep, 2004. -495 b. -kitap*
- 5 Kenesbaev S. *K voprosu o sistemnom izuchenii leksicheskogo znachenia // Issledovania po kazahskomu iazykoznaniiu. -Alma-Ata: Nauka, 2001. -259-264 s. -kitap*
- 6 Sauranbaev N. T. *Kazak tılı leksikasynyn keibir mAselerı // Sauranbaev N. T. Kazak tılı bilimnin problemalary: Tandamaly enbekterinin jinagy. -Almaty: Gylym, 2003. -188 b. -kitap*
- 7 SalKarova G. I., Sатыbaeva A. T. *Salystyrmaly gramatika.- Astana, 2007. 216 b. -kitap*